

Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдарды аттестаттау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 18 қазандағы N 688 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 қазанда тіркелді. Теркеу N 2538. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1051 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1051 бұйрығымен .

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы заңын жүзеге асыру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдарды аттестациялау туралы ереже бекітілсін.
2. Жалпы орта білім департаменті (С.Ырсалиев) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қ а м т а с ы з е т с і н .
3. "Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының педагог және басқа қызметкерлерін аттестациялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1193 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 28 сәуірдегі N 422 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі К.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.
5. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м
м и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 8 қ а з а н д а ғ ы
N 6 8 8 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

**Педагогикалық қызметкерлер мен оларға
теңестірілген адамдарды аттестаттау туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже меншік нысандарына және ведомстволық бағынысына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта, қосымша жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдарды (бұдан әрі - педагогикалық қызметкерлері) аттестаттау тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) апелляция - жоғарғы органдарда қандай да бір шешімге шағымдану;
2) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау - біліктілік деңгейінің кешендік бағасы, және білім беретін мекемелердегі педагогикалық қызметкерлері іс-әрекеттерінің өнімділігі;

3) біліктілік санаты - нормативтік өлшемдерінің біліктілік деңгейіне сәйкестігі, қызметкерлерге белгілі бір дәрежедегі күрделі кәсіби міндеттерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі - қалада, ауданда, мектепте құрылған сынып жетекшілері немесе осы немесе өзгеде пәндер мұғалімдерінің топтық әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі сабақтар мен тәрбие іс-шараларының жоспарын талқылайды, ашық сабақтар мен педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін, педагогикалық кәсіптігі мен іс-әрекеттерінің өнімділігін талдайды.

3. Аттестаттау педагогикалық қызметкерлердің оларға біліктілік санаты берілу немесе өзінде бар біліктілік санатын растау барысында кәсіптік деңгейінің мамандыққа қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Аттестаттау педагогикалық қызметкерлердің кәсіптік құзырлығы деңгейін үздіксіз арттыруға, шығармашылық ынтасы мен шеберлігін дамытуға, беделі мен мәртебесін өсіруге, материалдық және моральдық ынталандыру мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың еңбек ақысының төлемі деңгейін арттыруға үздіксіз ықпал жасауға бейімделген.

4. Аттестаттау 5 жылда кемінде бір рет өткізіледі.

5. Аттестаттаудың негізгі принциптері ашықтық, алқалылық, жүйелілік, объективтілік болып табылады.

6. Білім беру ұйымдарының басшылары, олардың орынбасарлары, педагогикалық жүктемесі бар білім басқармасы органдарының қызметкерлері аттестаттаудан жалпы негізде өтеді.

7. Білім беру ұйымының басшысы пәндік әдістемелік бірлестіктерінің шешімдері негізінде педагогикалық қызметкерлерді қайта аттестаттау туралы шешімді қабылдауы мүмкін. Көрсетілген қызметкерлерді қайта аттестаттау осы Ереже негізінде жүзеге асырылады.

2. Аттестаттау комиссиясы және оның құрамы

8. Аттестаттау өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады, олар аттестаттауды өткізудің түрлері мен шараларын, нақты мерзімін анықтайды, аттестатталушының жұмысына талдау жүргізеді, аттестаттау қорытындысы бойынша шешімдер шығарады.

Аттестаттау комиссиялары білім беру ұйымдарында, аудандық, қалалық бөлімдерде (басқармаларда), облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларында (департаменттерінде), білім саласындағы орталық атқарушы органдарда, өз қарамағында білім ұйымдары, және олардың аумақтық органдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) құрылады.

9. Аттестаттау комиссиялары келесі құрамда құрылады: аттестаттау комиссиясының төрағасы - білім басқармасы органының немесе білім ұйымының басшысы (немесе оның орынбасары), төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері. Комиссия құрамына білім басқармасы органының мамандары, білім беру ұйымының басшылары, әдістемелік қызметтер, ғылыми ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері, кәсіподақтың өкілдері енеді.

Аттестаттау комиссиясының құрамына енген білім жүйелері қызметкерлеріне олардың комиссия құрамындағы тікелей қызметі кезеңінде негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталады.

10. Аттестаттау комиссиясының арнаулы құрамы мен өкілдік мерзімі білім беру ұйымдары басшыларының, тиісті бағыныстағы білім беру басқармасы органының бұйрығына сәйкес анықталады.

3. Аттестаттауды өткізу тәртібі

11. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау біліктілік деңгейін, кәсіби құзырлығын, қызметкерлердің іс-әрекеттерінің нәтижелілігі және сапасын талдау, оның әдістемелік, тәжірибе-эксперимент және/немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу негізінде өткізіледі.

12. Аттестаттау комиссиясы ағымдағы оқу жылында аттестаттауға қатысу жөніндегі өтініштерді 15 қазанына дейін қабылдайды.

13. Республикалық ведомствоға бағынысты жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін аттестаттауды Білім және ғылым министрлігі; меншік нысандарына және ведомстволық бағынысына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта, қосымша жалпы білім беру ұйымдарының - тиісті бағыныстағы білім беру басқармасы органдары жүзеге асырады.

14. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау 30 наурызда, ал аудандық, қалалық бөлімдерде (басқармаларда), облыстық, Астана

және Алматы қалалары білім басқармаларында (департаменттерінде), білім саласындағы орталық атқарушы органдарда, өз қарамағында білім беру ұйымдары, олардың аумақтық органдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) - 10 мамырда аяқталады.

15. Аттестаттау тиісті білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметі кемінде бір жылдан стажы бар педагогикалық қызметкерлерге өткізіледі.

16. Бірнеше пәндерден беретін педагогикалық қызметкерге өз қалауы бойынша осы пәндердің біреуі бойынша аттестаттаудан өту құқығы беріледі (математика-физика, орыс тілі-әдебиеті, математика-информатика және тағы басқалары). Мемлекеттік тілден дәріс беретін тиісті арнайы білімі жоқ педагогикалық қызметкерлер мемлекеттік тіл бойынша аттестаттаудан өтуі керек.

17. Білім беру ұйымының басшысы аттестаттау парағын (1-қосымша) ресімдейді және аттестаттау комиссиясына жібереді. Аттестаттау комиссиясының мәжілісіне дейін кемінде он күн бұрын педагогикалық қызметкер аттестаттау парағымен танысуы керек. Өз жұмысының мінездемесі және аттестаттау комиссиясының ұсыныстарымен келіспеген жағдайда, педагогикалық қызметкер аттестаттау комиссиясының мәжілісіне дейін кемінде 3 күн бұрын төрағаның атына дәлелденген арыз беруіне болады.

18. Комиссия әр педагогикалық қызметкерге төмендегідей қорытындылардың бірінің

шығарады:

мәлімделген санат талаптарына сай;

мәлімделген санат талаптарына сай емес;

өзінде бар санат талаптарына сай;

өзінде бар санат талаптарына сай емес.

19. Республикалық бағыныстағы білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары және бірінші санаттар беру (төмендету) туралы шешімді білім беру саласындағы орталық атқару органының аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Басқа ведомстволардың білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары, бірінші санаттар беру (төмендету) туралы шешімді аталған ведомствоның аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне жоғары санат беру (төмендету) туралы аттестациялық комиссиясының шешімін облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының (департаменттерінің) аттестаттау комиссиялары бекітеді.

Педагогикалық қызметкерлерге бірінші санат беру (төмендету) туралы шешімді білім беру басқармасының тікелей органдарының аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Екінші санат беру (төмендету) туралы шешімді тиісті білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

20. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен және аттестаттау парағымен ресімделеді. Хаттама мен аттестаттау парағына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және дауыс беруге қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қолдары қойылады.

Егер комиссияның қорытынды мәжілісіне оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда ғана, шешім жарамды болып саналады. Дауыс берудің нәтижесі қорытынды мәжіліске қатысқан комиссия мүшелері санының басым дауыс беруімен анықталады. Дауыс тең болған жағдайда, шешім аттестаттанушының пайдасына шығарылады.

Аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылатын педагогикалық қызметкер аттестаттау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

21. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижесімен бірге аттестаттау комиссиясының шешімдері туралы хаттама мен санат беруге арналған педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау парағының көшірмесін тиісті білім беру басқармасы органдарына, олар білім беру ұйымдарын көрсетілген құжаттар келіп түскен күнінен бастап 1 айдан кешіктірмей қабылдаған шешім туралы хабарлаулары тиіс.

22. Осы Ережеге сәйкес педагогикалық қызметкерлері өзінде бар біліктілік санаттарының қолдану мерзімі өткенге дейін, бұрынғыдан жоғары біліктілік санатқа аттестаттаудан өтуіне болады:

1) жоғары біліктілік санатқа:

педагогикалық қызметкерлер конкурстары, конференциялары, семинарлары жеңімпаздары (республикалық, халықаралық деңгейлердегі);

өз бейіні бойынша (республикалық, халықаралық деңгейлердегі)

олимпиадалар, сайыстар, көрмелер жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

жарияланымдары бар, оқулық және оқу-әдістемелік кешендер авторлары;

2) бірінші біліктілік санатқа:

өз бейіні бойынша (аудандық, облыстық (қалалық), деңгейлердегі) олимпиадалар, конкурстар, көрмелер жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

конференциялар, семинарлар, т.б. сайыстар жеңімпаздары (аудандық, облыстық (қалалық) деңгейлердегі);

аудандық, облыстық (қалалық) деңгейлерде тәжірибесі таратылған адамдар;

3) екінші біліктілік санатқа:

арнаулы орта және жоғары кәсіптік оқу орнын "үздік" бітірген жас мамандар; пән бойынша тиісті білімі жоқ, бірақ шығармашылық есеп немесе оқу-әдістемелік әзірлемені қорғаған және Республикалық, облыстық (қалалық) біліктілігін жетілдіру институттарында тиісті курстан өткен адамдар.

Егер педагогикалық қызметкерге мәлімделген біліктілік санаты берілмесе, қолдану мерзімі аяқталғанға дейін бұрынғы біліктілік санаты сақталады.

23. Білім беру ұйымдары педагогикалық қызметкерлердің біліктілік санаттары оларды қолдану мерзімі өткеннен кейін, оның өтініші негізінде бір жылдан артық емес мерзімге мынадай жағдайларда ұзартылады:

- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық;
- 2) жүктілік және бала туу мен күту бойынша демалыста болғанда;
- 3) мамандығы бойынша шетелде іссапарда болғанда;
- 4) оның тоқтатылу себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы қызметіне қайта келуіне байланысты.

24. Аттестатталушы аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда аттестаттаудан өткеннен кейін бір ай мерзім ішінде келесі деңгейдегі аттестаттау комиссиясына апелляцияға өтініш беруге құқығы бар.

4. Аттестаттау комиссиясының шешімдерін жүзеге асыру

25. Білім беру ұйымдарының басшысы аттестаттау комиссия шешімдерінің негізінде педагогикалық қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық шығарады (жоғары және бірінші - осы Ереженің 23-тармағында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін).

26. Аттестаттау нәтижесі бойынша педагогикалық қызметкерлерге белгіленген үлгідегі (2-қосымша) куәліктер табыс етіледі. Куәлікке білім ұйымы басшысының қолы қойылып және мөрмен расталады. Куәлік көшірмесі педагогикалық қызметкердің жеке ісінде сақталады. Куәліктерді беру беттері белгіленген тәртіппен нөмірленген және жіппен қатталған журналда (3-қосымша) тіркеледі.

27. Біліктілік санаттары берілгені туралы белгіленген тәртіппен толтырылған куәліктер Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Аттестаттау нәтижелері бойынша біліктілік санаттары берілген педагогикалық қызметкерлердің еңбек кітапшасына тиісті жазбалар жазылады.

28. Аттестаттау нәтижелері бойынша берілген біліктілік санаты аттестаттаудан кейін келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап күшіне енеді.

29. Аттестаттауға байланысты еңбек даулары Қазақстан Республикасының заңдар жиынтығына сәйкес қаралады.

Педагогикалық қызметкерлер
мен оларға теңестірілген
адамдарды аттестациялау
туралы ережеге
1-қосымша

(білім мекемесінің атауы)

АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ

(тегі, аты, әкесінің аты)

(санаты көрсетілген лауазымы)

Туған күні мен жылы _____ ұлты _____

Педагогикалық стажы _____

Лауазымы бойынша стажы _____,

оның ішінде осы ұйымда _____

Білімі (қай оқу орнын бітірді және қашан, алған мамандығы мен біліктілігі) _____

Біліктілігін арттыруы туралы мәлімет _____

Наградалары, атақтары, ғылыми атақтары мен дәрежелері:

Аттестатталушы қандай санатқа өтініш берді _____

(жазбаша)

Аттестатталушының жұмысы туралы пікір _____

Білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясының қорытындысы:

Білім беру ұйымының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Жұмыс туралы пікірмен және қорытындымен таныстым _____

(аттестатталушының қолы)

жыл. _____ " _____ "

Аттестаттау комиссиясының шешімі
_____ ЖЫЛ. " ____ " _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)
Төрағаның орынбасары _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Хатшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Комиссия мүшелері _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Педагогикалық қызметкерлер
мен оларға теңестірілген
адамдарды аттестациялау
туралы ережеге

2-қосымша

Біліктілік санатын беру туралы

КУӘЛІК

Осы куәлік аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес _____ берілді.

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (білім ұйымының толық атауы)
" ____ " _____ ж. N _____ оған біліктілік
санаты берілді _____

(лауазымның атауы мен санаты жазбаша)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі _____ 20 ж. " ____ " _____

(берілген күні, айы, жылы)

Педагогикалық қызметкерлер
мен оларға теңестірілген
адамдарды аттестациялау
туралы ережеге

3-қосымша

**Қызметкерлерге біліктілік санаты берілгені
туралы куәліктерді тіркеу журналының нысаны**

(білім беру ұйымының атауы)

№	Тегі, р/с аты, әкесінің аты	Лауазымы мен берілген біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комиссия шешімінің күні	Біліктілік санаты берілгені туралы	Куәліктің берілген күні	Куәлік алушының қолы
				бұйрықтың нөмірі		
				мен күні		